

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/UMJO2472>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/RIOR3105>

***А. Азимхан,¹ Н. Қ. Шамишева², К. Т. Ауезова²,
Ж. М. Бұлақбай², Д. Б. Кулумбетова³,**

¹Торайғыров университет, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

²Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Қазақ-Орыс Халықаралық университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*e-mail: armoni04@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Қазіргі заманда кез келген мемлекет өз экономикасының дамуында маңызды рөл атқаратын шағын және орта бизнесті қолдауға ұмтылады. Шағын және орта бизнес дамып жатса, бұл ең алдымен экономикалық тиімділік пен бүкіл ел экономиканың тұрақтылығының белгісі.

Кез келген мемлекеттің басты міндеті-экономикалық өсуге қол жеткізу. Экономиканың тұрақты өсуі халық шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпорындардың үлесіне тікелей байланысты. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуымен орта тап пен «салауатты» бәсекелестік орта қалыптасады, сайып келгенде, ел азаматтарының өмір сүру деңгейіне тиімді әсер ететін жаңа жұмыс орындары құрылады.

Ұзақ жылдар бойы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау ұлттық экономиканың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі ретінде Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдықтарында ерекше орын алды.

Бұл тұрғыда мақалада шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың негіздері қарастырылған. Мақалада кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі нысандары көрсетілген. Мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары ескеріліп, қазақстан республикасының экономикасындағы шағын және орта бизнестің рөлі айқындалды.

Сондай-ақ мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайы талданаған.

Кілтті сөздер: шағын және орта кәсіпкерлік, бизнес, экономикалық даму, аумақтар, мемлекеттік қолдау.

Кіріспе

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау біздің еліміздің негізгі мақсаттары мен басымдықтары болып табылады.

Мемлекетіміздің Ұлттық экономика министрлігі кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру нысанын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Дамыған елдердің ЖІӨ-ге ШОК үлесі 60%-ға жетеді [1], шағын және орта бизнес бүкіл әлем үшін экономиканың тірегі болып табылады, жұмыс орындарын құруға және жаһандық экономиканың дамуына ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат мәселелері бірқатар ғылыми зерттеушілердің, сондай-ақ халықаралық және ұлттық ұйымдардың назарында.

Зертеу барысында ақпаратты талдау және синтездеу әдістері, әртүрлі мәліметтерді топтастыру, сондай-ақ айқындылыққа жету үшін графикалық сызбалар қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі ел экономикасын тұрақты дамытуды қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлуде. Іс-шаралар кешені шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін белсендіруге ықпал етуде, бұл 1-кестедегі мәліметтерден анық көрінеді.

2023 жылдың мәліметтері бойынша ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша тіркелген субъектілердің ең көп саны жеке кәсіпкерлер – 1,3 млн бірлік, оның ішінде 1,2 млн. белсенді кәсіпкерлер болып табылды.

Жұмыспен қамтылғандардың ең көп бөлігі шағын бизнесте байқалған және 1,7 млн. адамды құраған.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнімі 42,1 трлн. теңге көлемінде, бұл барлық ШОБ субъектілерінің жалпы өнімінің 71 %-ын құрады.

Кесте 1– Шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің негізгі көрсеткіштері

	2023 жыл	2022 жыл
Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бірлік	2 026 527	1 694 672
оның ішінде:		
шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	438 403	416 080
орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	3 032	2 903
жеке кәсіпкерлер	1 336 490	1 044 252
шаруа немесе фермер қожалықтары	248 602	231 437
Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бірлік	1 818 764	1 431 647
оның ішінде:		
шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	340 584	299 737
орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	2 924	2 754
жеке кәсіпкерлер	1 234 536	907 722
шаруа немесе фермер қожалықтары	240 720	221 434
Шағын және орта кәсіпкерліктегі қызметкерлер саны, адам	4 109 741	3 475 204
оның ішінде:		
шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	1 728 767	3 125 088
орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	380 081	350 116
жеке кәсіпкерлер	1 678 463	1 367 140
шаруа немесе фермер қожалықтары	322 430	304 555
Шағын және орта кәсіпкерліктегі өнім өндіруі көлемі, млн. теңге	59 221 488	42 842 358
оның ішінде:		
шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	42 069 312	29 452 215
орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	9 699 892	7 679 792
жеке кәсіпкерлер	4 468 161	3 404 453
шаруа немесе фермер қожалықтары	2 984 123	2 305 898

1-кестенің мәліметтері бойынша, кәсіпкерлік еліміздің экономикасында бастапқы орында. Кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмысбастылардың саны артты. Талданған кезеңде жұмыспен қамтылғандардың саны 9,7 %-ға артты. Бұдан экономикалық және кәсіпкерлік белсенділіктің артқанын көреміз.

Шағын және орта бизнестің рөлінің артқанын өндіріс көлемінің өсуі де дәлелдейді, ол талданып отырған кезеңде 66,7 %-ды құрады [2].

2022-2023 жылдары аумақтық деңгейде кәсіпкерлердің басым бөлігі Түркістан облысында (91,1 %), Алматы (93,9 %) және Астана (93,5 %) қалаларында байқалған. Ең аз үлес Солтүстік Қазақстан облысында (82,7 %) тіркелген.

Кесте 2 – Аймақтар бойынша ШОК қызметінің негізгі көрсеткіштері

Атауы	2023 жыл		2022 жыл	
	тіркелген ШОК субъектілерінің саны, бірлік	жұмыс істейтін ШОК субъектілер саны, бірлік	тіркелген ШОК субъектілерінің саны, бірлік	жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны, бірлік
Қазақстан Республикасы	2 026 527	1 818 764	1 694 672	1 431 647
Абай облысы	54 845	49 693	47 170	41 279
Ақмола облысы	59 846	54 838	55 003	48 544
Ақтөбе облысы	90 622	82 580	75 525	65 992
Алматы облысы	126 343	116 585	98 197	85 535
Атырау облысы	69 332	63 115	59 528	52 031
Батыс Қазақстан облысы	58 546	53 008	51 012	44 260
Жамбыл облысы	106 194	92 572	87 108	71 298
Жетісу облысы	59 523	53 600	52 251	44 181
Қарағанды облысы	104 175	93 086	93 415	81 047
Қостанай облысы	65 125	61 133	60 772	54 870
Қызылорда облысы	71 823	67 145	56 976	51 063
Маңғыстау облысы	81 619	75 341	64 330	56 521
Павлодар облысы	58 274	52 084	53 361	46 694
Солтүстік Қазақстан облысы	36 305	33 066	34 251	30 228
Түркістан облысы	188 186	184 579	149 383	144 778
Ұлытау облысы	18 760	17 413	15 608	14 249
Шығыс Қазақстан облысы	68 753	61 475	62 923	54 637
Астана қаласы	232 081	204 308	191 109	163 017
Алматы қаласы	353 767	292 735	295 869	206 100
Шымкент қаласы	122 409	110 409	90 889	75 314

2-кестеге сәйкес ШОК секторы елдің жалпы экономикалық белсенді халқының 43,6 %-ын құрады. Аймақтық контексте жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің ең үлкен үлесі Алматы мен Астана қалаларында тіркелді.

Кесте 3 – Экономикалық қызмет түрлері бойынша ШОК қызметінің негізгі көрсеткіштері

Атауы	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны, бірлік.		Шағын және орта кәсіпкерліктегі қызметкерлер саны, адам	
	2023	2022	2023	2022
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	275 776	261 071	459 144	443 410
Өнеркәсіп	101 576	64 749	425 003	351 938
Тау-кен өнеркәсібі	4 535	4 048	41 790	32 184
Өңдеу өнеркәсібі	91 628	55 862	344 797	286 136
Электрмен, газбен, бұмен, ыстық сумен және кондиционермен қамтамасыз ету	1 828	1 576	17 021	14 557
Құрылыс	94 679	81 149	332 254	290 359
Көтерме және бөлшек сауда	638 128	456 785	1 238 249	991 673
Тасымалдау және қоймалау	85 484	77 877	204 880	184 316
Тұру және тамақтандыру қызметтері	46 194	39 535	145 364	131 205
Ақпарат және коммуникация	28 068	22 939	96 432	73 788
Қаржылық және сақтандыру қызметі	5 456	5 265	24 326	22 541
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	86 613	76 956	179 530	166 310
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	54 572	48 908	166 122	142 075
Әкімшілік қызметтер	49 130	41 491	186 730	158 646
Білім	34 673	25 509	143 824	121 133
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер мемлекеттік қызмет	16 029	12 431	92 599	83 395
Өнер, ойын-сауық және демалыс	15 603	12 630	36 648	30 302
Басқа қызметтер	286 783	204 352	378 636	284 113

3-кестеге сәйкес әртүрлі қызмет түрлері шағын және орта бизнес үшін дәстүрлі түрде тартымды болып қала береді. Кәсіпкерлердің басым бөлігі өнеркәсіпте, саудада, ауыл шаруашылығында еңбек етеді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау кәсіпкерлерді жұмыс істеуге ынталандырудың негізгі факторы болып саналады [4].

Қазақстан Республикасының шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасында бірқатар міндеттер қойылып, олардың

басым бөлігі шешілді, бұл жаңа бағдарламалық құжаттарды қабылдау қажеттілігін туғызды.

Экономикалық өсуді қалпына келтіру бойынша негізгі 10 бағыт қабылданған ол кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырады және халықты жұмыспен қамтамасыз етіп, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға көмектеседі [5].

Қабылданған құралдар кәсіпкерлікті, әсіресе шағын және орта бизнесті несиелендіру және қаржыландыру мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, кепілдік құралдары мен экспорттық шығындарды өтеу қамтамасыз етілді және сәтті қолданылды, бизнес секторында салық жүктемесі төмендетілді, несиелер мен салық міндеттемелері бойынша преференциялар мен кейінге қалдырулар енгізілді, бірқатар айыппұлдардың күші жойылды, әкімшілік және салықтық кедергілер жеңілдетілді.

Мемлекеттік бағдарламалар әзірленді және іске асырылуда, ШОК үшін арнаулы салық режимдері енгізілді, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ұйымдық-қаржылық қолдау мен консультациялық қызметтер көрсету үшін мемлекеттік мекемелер құрылды және табысты жұмыс істеуде. Коммерциялық банктердің көпшілігі шағын және орта бизнесті неғұрлым тиімді шарттармен несиелендіруге бағытталған арнайы бағдарламалар әзірлеп, жүзеге асыруда.

Іс-шаралар кешенін іске асырудың нәтижесі ШОК субъектілерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің өсуі болып табылады [6].

Осылайша, талдау көрсеткендей, Қазақстан Үкіметі шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, арнайы қаржы институттарын құру, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдарының көмегі аясында ауқымды қолдау көрсетуде.

Қазақстандағы ШОК субъектілерін мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарына субсидиялау мөлшерлемелерін арттыру, несиелерді кепілдендіру және ШОК қаржыландыруға қаражатты шартты түрде бөлу жатады [7].

Қорытынды

Шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайын талдай отырып, аймақтардағы кәсіпкерлік белсенділіктің төмен екендігі анықталды. Бұл мәселені шешу жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлікті ынталандырудағы рөлін күшейту керектігін талап етеді. Бұл жұмыс келесідей орындалуы керек [8]:

- «Даму» қорының аймақтық өкілдіктері және басқа да жұмыс істеп тұрған мемлекеттік мекемелер арқылы кәсіпкерлерге кенестік қызмет көрсету;

- халықты жұмыспен қамту орталықтарымен тығыз байланыста жұмыс істеу;

- жергілікті арналарда телебағдарламалар ұйымдастыру, жергілікті басылымдарда жүйелі түрде мақалалар жариялау арқылы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру;

- мамандарды қайта даярлау курстарын ұйымдастыру;

- жергілікті бюджеттер есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету, көтерме жәрдемақылар беру арқылы, әсіресе ауылдық жерлерде жаңадан кәсіпорындарды құру арқылы жастарды жұмыспен қамтуды дамыту және ынталандыру.

Бұл халықты жұмыспен қамтуды арттыруға, ауылдық жерлердегі әл-ауқат деңгейін арттыруға және аймақтық әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді теңестіруге көмектеседі [9].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ШОБ субъектілерінің қызметі үшін бизнес-ортаны жақсарту бойынша ұсыныстар кешені 4-кестеде ұсынылған.

Кесте 4 – Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес үшін қолайлы орта құрудың бағыттары мен тетіктері

Проблемалар	Шешу бағыттары	Нәтижелері
Салалық теңгерімсіздік, ШОБ қызметінде қызметтердің басым болуы	ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларын саралау, жұмыс істейтіндерді ынталандыру	Жоғары қосымша құны бар кәсіпорындардың санын арттыру
	Ірі кәсіпорындарда шағын инновациялық нысандарды қалыптастыру арқылы инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу	Қазақстан Республикасы экономикасының инновациялық әлеуетін арттыру
Аймақтық диспропорция, жекелеген аймақтардағы кәсіпкерлік белсенділіктің төмендігі	ШОБ қолдау үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру	Аймақтық теңсіздіктерді теңестіру; Халықты жұмыспен қамтуды арттыру
ШОБ қызметінің шағын «өмірлік циклі»	ШОБ субъектілерінің несиелерді пайдалануы мен игерілуіне мониторингті күшейту	ШОБ субъектілерінің қаржылық ресурстарды игерудегі жауапкершілігін арттыру

Даму үшін қаржылық ресурстарға қолжетімділіктің шектелуі	ШОК субъектілеріне қызмет көрсететін мамандандырылған мемлекеттік банк құру. Болашақта осындай банк негізінде лизингтік компания құруға болады.	ШОК субъектілерін кешенді және мақсатты мемлекеттік қолдау
Шағын бизнесті несиелендіруде кепіл мен несие тарихының болмауы	ШОК субъектілеріне арнап несие бюросын құру	Қауіпсіздік; Несие алуда қолдау
Тәуекелдерге осалдық банкроттықтың жоғары деңгейі	Ынталандыру жүйесін әзірлеу шағын кәсіпорындардың активтерін ұлғайту	Кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қамтымасыз ету

Қолайлы бизнес-ортаны қалыптастыру мемлекет пен бизнестің бірлескен күш-жігері арқылы жүзеге асады.

Заңнамалық және мамандандырылған қаржы институттары түріндегі нысаналы мемлекеттік қолдау жергілікті атқарушы органдардың белсенді жұмысымен толықтырылуы тиіс. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің қолайлы имиджін қалыптастыру, ШОБ субъектілерінің қаржылық сауаттылығы мен жауапкершілігін арттыру қажет [10].

Мемлекет пен бизнестің бірлескен күш-жігері ғана кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіне және Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Малое и среднее предпринимательство в Республике Казахстан. [Электронный ресурс]. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

2 Социальные программы социальной ответственности бизнеса. Деловой журнал «Устойчивый бизнес» [Электронный ресурс]. – <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnoji-otvetstvennosti.html>.

3 Список казахстанских компаний (корпораций). [Электронный ресурс]. – <https://kase.kz/ru/issuers/>

4 **Косолапов, Г. В.** Генезис бизнеса и корпоративных отношений в Казахстане в условиях кризиса. [Электронный ресурс]. – http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:7zQmoGV0w_4J:www.almau.edu.kz/download/9750/14339350591259.doc%3Funready+&cd=6&hl=ru&ct=clnk&gl=kz

5 **Дауранов, И.** Малый бизнес Казахстана. – Алматы : Мир, 2020. – 168 с.

6 **Кулибаев, Т.** Нужно помочь бизнесу выстоять в условиях пандемии и карантина [Электронный ресурс] – <https://inbusiness.kz/ru/news/timur-kulibaev-nuzhno>. 09.10.2021.

7 Трансформация структуры экономики: механизмы и управление : монография / под науч. ред. А. А. Широ́ва. – М. : МАКС Пресс. 2018. – С. 264.

8 Международный опыт реализации политики по развитию предпринимательства и малого и среднего бизнеса [Электронный ресурс]// <https://opora.ru/upload/iblock/cf0/cf0be7375f4bd1290f86736fd0080d8a.pdf>. 14.04.2021.

9 Малое предпринимательство. [Электронный ресурс]. – https://ru.wikipedia.org/wiki/Maloe_predprinimatelstvo.

10 ҚР-ның Ұлттық статистика бюросы. Ұлттық шоттар статистикасы. [Электрондық ресурс]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (Қаралған күні 10.06.2023)

REFERENCES

1 Maloe i srednee predprinimatel'stvo v Respublike Kazakhstan [Small and medium-sized entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

2 Sotsial'nyye programmy sotsial'noy otvetstvennosti biznesa. Delovoy zhurnal «Ustoychivyy biznes [Social programs for social responsibility of business. Business magazine «Sustainable Business»] [Electronic resource]. – <https://csrjournal.com/187-socialnye-programmy-socialnojj-otvetstvennosti.html>.

3 Spisok kazakhstanskikh kompanij (korporacij) [List of Kazakhstani companies (corporations)]. [Electronic resource]. – <https://kase.kz/ru/issuers/>

4 **Kosolapov, G. V.** Genезis biznesa i korporativny'kh otnoshenij v Kazakhstane v usloviyakh krizisa [Genesis of business and corporate relations in Kazakhstan during the crisis]. [Electronic resource]. – http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:7zQmoGV0w_4J:www.almau.edu.kz/download/9750/14339350591259.doc%3Funready+&cd=6&hl=ru&ct=clnk&gl=kz

5 **Dauranov, I.** Malyy biznes Kazakhstana. [Small business of Kazakhstan.] Almaty : Mir, 2019. – 168 p.

6 **Kulibaev, T.** Nuzhno pomoch' biznesu vystojat' v uslovijah pandemii i karantina [It is necessary to help businesses survive the pandemic and quarantine] [Electronic resource]. <https://inbusiness.kz/ru/news/timur-kulibaev-nuzhno>. 09.10.2021.

7 Transformaciya struktury ekonomiki : mekhanizmy i upravlenie : monografiya [Transformation of the structure of the economy : mechanisms and

management : monograph] / pod nauch. red. A. A. Shirova. – Moscow : MAKSS Press. 2018. – 264 p.

8 Mezhdunarodnyĭ opyt realizacii politiki po razvitiyu predprinimatel'stva i malogo i srednego biznesa [International experience in implementing policies for the development of entrepreneurship and small and medium-sized businesses] [Electronic resource]. <https://opora.ru/upload/iblock/cf0/cf0be7375f4bd1290f86736fd0080d8a.pdf>. 04/14/2021.

9 Maloe predprinimatel'stvo [Small business] [Electronic resource]. – https://ru.wikipedia.org/wiki/Maloe_predprinimatel'stvo.

10 QR-nyĭ Ulttyq statistika býrosy. Ulttyq shottar statistikasy [National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. National accounts statistics]. [Electronic resource]. – URL: – <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/5284/file/kk/> (Qaralǵan kúni 10.06.2023)

04.02.24 ж. баспаға түсті.

29.03.24 ж. түзетулерімен түсті.

10.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Азимхан¹, Н. Қ. Шамишева², К. Т. Ауезова²,
Ж. М. Булакбай², Д. Б. Кулумбетова³

¹Торайгыров Университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

²Евразийский национальный университет имен Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана;

³Казахско-Русский Международный университет,
Республика Казахстан, г. Актобе

Поступило в редакцию 04.02.24

Поступило с исправлениями 29.03.24

Принято в печать 10.05.24

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В настоящее время любое государство стремится поддерживать малый и средний бизнес, который играет важную роль в развитии его экономики. Если малый и средний бизнес процветает, это, прежде всего, признак экономической эффективности и стабильности всей экономики страны.

Основная задача любого государства – стимулировать экономический рост. Стабильный рост экономики напрямую зависит от доли малого и среднего бизнеса в экономике страны. С развитием малого и среднего бизнеса (МСП) формируется средний класс и «здоровая» конкурентная среда, в конечном итоге создаются новые рабочие места, которые благотворно влияют на уровень жизни граждан страны.

На протяжении многих лет развитие и поддержка малого и среднего бизнеса как одной из основных составляющих национальной экономики занимали особое место в приоритетах государственной политики Казахстана.

В связи с этим статья посвящена основам государственной поддержки малого и среднего бизнеса. В статье отражены основные формы государственной поддержки предпринимательства. Рассматриваются основные направления государственной поддержки, определяется роль малого и среднего бизнеса в экономике Республики Казахстан.

В статье также анализируется текущее состояние малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан.

Ключевые слова: малое и среднее предпринимательство, бизнес, экономическое развитие, регионы, государственная поддержка.

*A. Azimkhan¹, 2N. Shamisheva², 3K. Auyezova²,
Z. Bulakbay², D. Kulumbetova³

¹Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

³Kazakh-Russian International University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Received 04.02.24

Received in revised form 29.03.24

Accepted for publication 10.05.24

STATE SUPPORT FOR SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Today, any state is trying to support small and medium-sized enterprises that play an important role in the development of its economy.

If small and medium-sized enterprises are developing, this is first of all a sign of the economic efficiency and stability of the entire country's economy.

The main task of any state is to promote economic growth. The stable growth of the economy directly depends on the share of small and medium-sized enterprises in the national economy. With the development of small and medium-sized enterprises (SMEs), a middle-class and "healthy" competitive environment is being created, and new jobs are being created that ultimately have a beneficial impact on the standard of living of the country's citizens.

Over the years, the development and support of small and medium-sized enterprises as one of the main components of the national economy has occupied a special place in the priorities of Kazakhstan's state policy.

In this context, the article is devoted to the basics of government support for small and medium-sized enterprises. The article reflects the basic forms of government support for entrepreneurship. The main ways of state support are taken into account, the role of small and medium-sized enterprises in the economy of the Republic of Kazakhstan is determined.

The article also analyzes the current situation of small and medium-sized enterprises in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: small and medium-sized businesses, business, economic development, regions, government support.

Теруге 28.05.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4253

Сдано в набор 28.05.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4253

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz